

*«2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»  
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қарау бойынша  
ҚР Парламенті Сенатының отырысындағы  
Ұлттық Банк Төрағасы Ғ. Пірматовтың баяндамасы,  
Астана қ., 2023 жылғы 16 наурыз*

**Құрметті Мәулен Сағатханұлы!**

**Құрметті депутаттар!**

Жүргізіліп отырған ақша-кредит саясаты, экономика дамуының сыртқы және ішкі жағдайлары туралы баяндауға рұқсат етіңіздер.

### **I. Әлемдегі және Қазақстандағы іскерлік белсенділік**

Осы жылдың басында әлем экономикасында **белсенділік жақсарды. Іскерлік белсенділіктің** жаһандық **индексі** 6 ай төмендеген соң қаңтардағы **49,8-ден** ақпанда **52,1-ге** дейін өсті. Қытай экономикасының ашылуына байланысты сұраныс артып, рецессиялық тәуекелдер төмендеп, логистикалық маршруттар жөнге келгендіктен баға қысымының әлсірегені байқалды.

**Қазақстанда 8 ай қатарынан** теріс аймақта болған іскерлік белсенділік жағдайы да жақсара бастады. **2023 жылдың қаңтар айында** іскерлік белсенділік индексі өсу аймағына өтіп, **50,7-ні** көрсетті. Ақпан айында индикатор **50-ді** құрап, өзгеріс болмағанын аңғартты. Барлық секторда тауар жеткізу мерзімінің ұзақтығы іскерлік белсенділікті тежейтін фактор болып қалып отыр.

## **II. Инфляция мен ақша-кредит саясаты**

Қазақстанда инфляцияның **айлық** динамикасы 2022 жылдың наурыз айындағы ең жоғары мәннен **төмендегеніне** қарамастан, соңғы 5 жылдағы орташа жылдық мәндерден жоғары қалыптасып отыр.

Инфляция біздің күтулерімізге сәйкес қалыптасып келеді. Ақпан айындағы инфляцияның жылдық мәні **21,3%-ға** жетті. Бұдан әрі біздің жаңартылған болжамдарымызға сәйкес осы жылдың соңына дейін инфляция 9-12%-ға дейін баяулайды деп күтілуде. Оған қазіргі кездегі ақша-кредит саясаты, сыртқы инфляциялық ортаның төмендеуі және логистикалық жеткізу жолдарының ретке келуі әсер етеді.

Бірқатар тәуекел-факторлар инфляцияның жоғары траекториясына әкелуі мүмкін. Олар: тауар нарығындағы **дисбаланстар**, сауда-әріптес елдердегі инфляцияның қарқын алуы. **Ішкі сұранысты фискалдық ынталандырудың** өсімі де инфляция тәуекелдерінің бір факторы саналады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы уақыты келген реформаларды жүзеге асырған жағдайда **реттелетін бағалар** мен жанар-жағармай бағасының болашақта өсу ықтималдығы Ұлттық Банк болжамында ескерілмегенін атап өткен жөн.

Ұлттық Банк инфляцияны төмендету үшін **инфляциялық таргеттеу** және **еркін өзгермелі айырбастау бағамы** режимінде **дезинфляциялық ақша-кредит саясатын** жалғастырады.

Ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру үшін өткен жылдың орта тұсынан бастап Ұлттық Банк инфляцияның қолданыстағы нысаналы мәндерінің ішкі және сыртқы экономикада қалыптасып жатқан жағдайларға сәйкестігін бағалау жұмысын жүргізіп отыр.

**Биыл 25 сәуірде Ұлттық Банк «Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері. Жаңа экономикалық жағдайдың сын-қатерлері» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді. Конференцияда Ұлттық Банктің, халықаралық ұйымдардың және академиялық қоғамдастықтың Қазақстан Республикасындағы ақша-кредит саясаты мәселелері жөніндегі зерттеулерінің нәтижелері талқыланады.**

### **III. Төлем балансы**

2022 жылдың алдын ала қорытындысы бойынша, төлем балансының ағымдағы шоты **соңғы 8 жылда** алғаш рет **профициттік** аймаққа өтіп, **6,3 млрд долларды** құрады. Профицит мұнай, металл, газ, көмір, уран және астық сияқты шикізат бағаларының өсуімен қамтамасыз етілді.

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, төлем балансының ағымдағы шоты профицит аймағынан орта мерзімді перспективада дефицит аймағына біртіндеп **ауысатын** болады. **Шикізат бағасының** түсуіне және **импортқа** деген сұраныстың өсуіне байланысты ағымдағы шоттың оң сальдосы қысқарды.

Базалық сценарий кезінде мұнай өндіру көлемін ұлғайту арқылы тауар **экспортының** деңгейі сақталатын болады. Ал тауар **импорты** болса, одан әрі өсіп, біздің болжам бойынша, ең жоғары тарихи көрсеткіштерден **асып түседі**. Импорттың өсіп келе жатқан деңгейі халық пен бизнестің арта түскен сұранысын қанағаттандыру үшін Қазақстандағы өндірістің жеткіліксіз болуына, мемлекеттік бастамалар мен экономиканы қолдау бағдарламаларының іске асырылуына байланысты болып отыр.

### **Құрметті депутаттар!**

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп **макроэкономикалық тұрақтылықты** қамтамасыз ету үшін және инфляциялық қысымды төмендету үшін белсенді жұмыс жүргізуді жалғастырады.

**Назарларыңызға рақмет!**